

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Советтер Одағының Маршалы ГОВОРОВҚА
Адмирал ТРИБУЦКА

ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері Балтық флоты кемелерінің жәрдемімен қат ұрыстардың нәтижесінде, бүгін, 24 ноябрьде, Рига қолтығына кіреберіс жерге ал болған, немістер тіректі бекініске айналдырған САРЕМА (ЭЗЕЛЬ) аралын паниан тазарту ісін аяқтады.

Сонымен, Советтік Эстония жері неміс басқыншылардан толық азат етілді.

САРЕМА аралын алу ұрыстарында генерал-лейтенант СТАРИКОВТЫҢ, генерал-тенант АЛФЕРОВТЫҢ әскерлері, генерал-лейтенант ПӘРНИҢ эстон корпусы, арал-майор ТРУШКИНИҢ, генерал-майор РОМАНЕНКОНЫҢ, генерал-майор РОЩЕВТЫҢ, генерал-майор АЛЛИКАСТЫҢ, полковник ФЕЛЬДМАННЫҢ, әскерлері контр-адмирал СВЯТОВТЫҢ, контр-адмирал КУЛЕШОВТЫҢ, контр-адмирал КОВСКИЙДІҢ, 1-ранг капитан ГУСЬКОВТЫҢ, 1-ранг капитан ОЛЕЙНИКТИҢ, 1-ранг капитан ЛАЗОНЫҢ, 3-ранг капитан МАКСИМЕНКОВТЫҢ, 3-ранг капитан РОТИНСКИЙДІҢ, 3-ранг капитан РЕЗНИЧЕНКОНЫҢ, 1-ранг капитан НОВОЖИЛОВТЫҢ, полковник ЗУБОВТЫҢ, майор ИВОВИЧТИҢ теңізшілері; артиллерия генерал-майоры БРУССЕРДИҢ, полковник ЧЕЗУТСКИЙДІҢ, полковник АРУДЫҢ, полковник КАРПАЧЕВТИҢ, полковник ГУНИННИҢ, полковник ГОРОБЕЦТИҢ, полковник ПОТИФОРОВТЫҢ, полковник ИЧУКТИҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-майоры ЗАЗИМКОНЫҢ, подполковник КУСЛАНУДЫҢ, подполковник БАРИЛОВТЫҢ, подполковник РЫЖИХТЫҢ, полковник ЧЕПОВТЫҢ, майор ОЛЕЙНИКОВТЫҢ, майор КНЯЗЬТИҢ танкішілері; авиация генерал-майоры АНТОНОВТЫҢ, полковник ГРЕСЬКОВТЫҢ, полковник МАХИМЕНКОНЫҢ, полковник МЕХАННИКОВТЫҢ, полковник КОРЕШКОВТЫҢ, подполковник САЧЕВТИҢ, полковник КУРОЧКИНИҢ, полковник МАНУСОВТЫҢ, подполковник СЛЕПЕНКОВТЫҢ ұшықтары; полковник АКАТОВТЫҢ, подполковник АФАНАСЬЕВТИҢ, майор ЕРМИЛОВТЫҢ, майор ШЕЛЕХОВТЫҢ, подполковник ГУЛЬТЯЕВТИҢ, подполковник ГУЛЯНИЦКИЙДІҢ, подполковник СОЛОМАХИННИҢ саперлері; полковник МУЖЕВТИҢ байлаушылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, САРЕМА аралын алу ұрыстарында өте-өте көз түскен құрамалар, бөлімдер мен кемелер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 24 ноябрьде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйыр төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, САРЕМА аралын алған ЛЕНИНГРАД майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде генерал-лейтенант ЭРНИҢ эстон корпусы мен БАЛТЫҚ флотының теңізшілеріне Отанымыз атынан ұрмет көрсетеді.

САРЕМА аралын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлер мен кемелерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАЙЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда жаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 24 ноябрь.

И. В. Сталин мен В. М. Молотовтың Москвада
И. Шубашич мырзамен әңгімелесуі туралы
Совет—Югославия мәлімдемесі

20—23 ноябрьде, Москвада, бір жағынан, Югославияның бас министрі әрі Сыртқы Істер Министрі доктор И. Шубашич, сол сияқты, Югославия Улт Азаттығы Комитеті Председателінің орынбасары Кардель мырза және Югославия елшісі Симич мырза, екінші жағынан, ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин және ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов арасында болған әңгімеде Югославияның біріккен Улттар қатарында болуы еске алынып, негізгі Югославия мәселелері достық—ынтымақ жағдайында талқыға салынды.

Мұнымен қатар, Югославияның Улт Азаттығы Комитетінің Председателі Иосиф Броз-Тито мен Корольдік Үкіметтің Председателі И. Шубашич арасында жасалған келісім негізінде Югославияның Біріккен Үкіметі құрудың қажеттігі көрсетілді.

Совет Үкіметі маршал Тито мен бас министр Шубашичтің нағыз демократияшыл халық күштерін жалпыға ортақ жауға қарсы біріктіру, жеңіске жету және Европада бейбітшілік орнатудағы тиімді әрі қолайлы іс ретінде еңбегін құттықтайды.

Майдандағы жауынгерлеріміздің соғыстағы мәңгі өшпейтін ерлік істері сыяқты тылдағы совет адамдарының еңбек майданындағы ерлік істерінің де қайнар бұлағы—рух беруші жалынды совет отаншылдығында.

И. СТАЛИН.

Совет Хабаршы бюросынан

24 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері қызылтулы Балтық флоты кемелерінің жәрдемімен, қатты ұрыстар нәтижесінде, 24 ноябрьде Рига қолтығына кіре беріс жерге қамал болған, немістер тіректі бекініске айналдырған САРЕМА (ЭЗЕЛЬ) аралын дұшпаннан тазартуды аяқтады. Сонымен, Советтік Эстония жері неміс басқыншылардан толық азат етілді.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы САРЕМА (ЭЗЕЛЬ) аралының оңтүстік жақ шеті маңында дұшпанның кемелеріне соққы берді, мұның нәтижесінде дұшпанның 1 миноносецін, 1 күзет кемесі мен 2 күзет катерін суға батырды; 3 бомбаның дәл тиюімен жаудың 1 ауыр крейсесі қатты зияндалды, мұнымен бірге дұшпанның 2 күзет кемесі мен 1 десант баржасы зияндалды.

Чехословакияда МОП қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз бірнеше елді жерлерді, оның ішінде УБРЕЖЬ, ФЕКИШОВЦЕ, РЕВИШТЕ, БЕЛОТЧЕ РЕМЕТИ, ТЕГЕНЯ, НОКЧА КРИСОВ, ШАЛАМУНОВА қыстақтары мен ЧЕРНЫХ темір жол станциясын ұрыспен алды.

Венгрияда әскерлеріміз дұшпанның қарсылығы мен қарсы атакаларын жеңе отырып, МЕЗЕ-ЗОМБОР, ЛЕДЬЕШ—БЕНЕЧЕ, МАЙОШ, ПУСТА, УЙВИЛАЧ, КИМАРДИ, ПАЛОШВЕРЕШИМАРТ, ДЬЕНДЬЕШОДЬМОШ, БАГ қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

23 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 32 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 70 самолеті атып түсірілді.

Чехословакияда Чоп қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ұрыстарын жүргізуде болды. кен жаңбырдан кейін қиын өткізілетін болатын. Жау әскерлеріміз бен артиллерияшыларымыз немістердің қарсылығын жеңе отырып, алға басты, сөйтіп бірнеше елді жерлерді алды. Ұрыс даласында жаудың көптеген өкілтері қалды. Немістердің 5 танкі мен өздігінен жүретін 2 зеңбірегі өртелді. Жаудан олжа, оның ішінде 22 зеңбірек, 16 миномет пен 45 пулемет қолға түсірілді. Немістер мен венгрлердің 600 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Екінші бір учаскеде совет автоматшылары тізеден су кешіп, дұшпанның 2 қорғану бекінісін қоршап алды, сөйтіп, оларды қорғап тұрған жаудың гарнизонын талқандады. 200дей гитлершіл жойылды. 156 неміс пен венгр қару тастап қолға берілді.

Венгрияда Н. құрамасының бөлімдері дұшпанды күшті бекіністі шептерден қуып шығарды. Бірнеше елді жер, оның ішінде Синарди қыстағы алынды. Бұл ұрыстарда жаудың 2 батальондай жауу әсері жойылды, сол сияқты Дьендеш қаласының солтүстік жағында да қатты ұрыстар болды. Дұшпанның танктері мен жауу әскерлері бірінен соң бірі 6 рет қарсы атама жасады. Совет жауынгерлері немерелете оң атып, немістерді қуып тастады, бұдан соң оларды өкшелете қуа отырып, алға басты. Ұрыс даласында жаудың 400ден аса өкілі қалды. Немістердің 12 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртелді. қайра тылды.

Шығыс Пруссияда неміс отрядтары бірсыпыра учаскелерде ұрыспен барлау жүргізу үшін әрекет жасады, мұнысы табыссыз болды. Алдыңғы бөлімшелеріміз бір күнде бір ротадай гитлершілдерді қырып салды. Совет авиациясы немістердің қатынас жолдарына тікелей бомба тастап, соққы берді. Ұшықтарымыз дұшпанның 4 паровозын, 10 темір жол вагоны мен бірнеше автомашинасын талқандады. Дұшпанның аэростаты атып түсірілді.

Пултускі қаласының оңтүстік жағында аға сержант Сергей Манжостың басқаруындағы бір топ мергендер бір ай ішінде немістердің 180 солдатты мен офицерін қырып қойды. Олар үш күн ыңғайсыздықта жатты.

Немістердің 563-жауу әскер дивизиясындағы 1147-полктің қолға түсірілген солдатты Иозеф Бекер былай деді: «Дивизиямыз быйылғы жылдың август айында Берлин ауданында жасақталды. Дивизия сентябрь айында Прибалтыққа жөнелтіліп, ұрыстарға қатысты. Біз үнемі нәрі шегінуде болдық. Бір айдың ішінде дивизия солдаттары мен офицерлерінің жартысынан көбі саптан шықты. Бізбен көршілес 227-жауу әскер дивизиясы өзін солдаттары мен офицерлерінің төрттен үш бөлігінен айырды. Солдаттардың еңсесі мейлінше түсіпті. Олар дивизияның Шығыс Пруссиядан бөлініп қалғандығын, сөйтіп қоршауға түскендігін жақсы біледі. Теңіз арқылы көшіп кетуге есіннің өзектендігін олардың бәрі жақсы түсінді. Теңіз арқылы сапарға шығу өте қиын. Неміс әскерлеріне толықтыру, өкшелу, қысқы киім және хат-хабар жетізілме беруге тиісті көптеген кемелер мен транспорттарды орыс ұшықтары суға батырды.

Будан бірнеше күн бұрын батальонымыз орыстарды алған шептерінен қуып шығару жөнінде бұйрық алды. Танкертенгі сағат 9-да біз атака жасауға шығып, ойламаған жерден орыстардың оқ жаудырып, қатты қарсылық көрсетуіне тап болдық. Батальон ұрыс даласында әскерлерінің тең жартысы дерлігін қалдырып, асығыс түрде кері шегінді. Біз бұрынғы шептерімізге жетпей-ақ орыс артиллериясы оқ бората бастады. Біздің тас төбемізден от пен темір жауып тұрды. Мен бұрын мұндай қорқып көрген жоқ едім. Унтер-офицерлер мен солдаттар жараланғандарды айдалаға тастап, траншеяларға қарай еңбектеп жетуге тырысты. Бұл мақсатына тек кейбір адамдар ғана жетті».

Панфиловшы 28 батырдың Маскваны қорғауда қаза тапқанына 3 жыл

Панфиловшы 28 батырдың асқан ерлігі

1941 жылғы 16 ноябрьде Москва маңындағы карлы далада, Дубосеково разъезі бінде, бүкіл дүние жүзін тейіреткен ұйға болды—политрук Василий Клочков бастаған 28 панфиловшы батыр неміс рдің Москваға киліккен 50 танкінің шауылын тойтарды.

16 ноябрьде гитлершілдер Москваға екін рет үлкен шабуыл бастады. Немістер дивизиясын—18 бронетанк дивизиясын және 33 жаяу әскер дивизиясын астанаға тандырды. 1940 жылдың көктемінде бұл майданда немістердің 10—11 бронетанк дивизиялары Францияға қарсы соғысқа шыққанда бұл сұрапылдан бүкіл дүние үзі түршікті. Бірақ, Москваға аттандырылған бронетанк әскерлері онан әлдеқай а көп болды... 10 ноябрьде Гитлер өзінің әскерлеріне берген бұйрығында «дұшпанды мың түсуге дейін жаныштайтын» ақырғы шешуші шабуылдың басталғанын жариялады.

Немістердің бұл жаңа шабуылының алғашқы күнінде жаудың әскер колонналары Волоколамскі тас жолын бойлап ілгері атты. Олар сол бетімен тоқтамастан Москваға басып кірмек болды. Бірақ, кейіннен генерал Панфилов атындағы Қызыл Армия уылы Ленин орденді 8-гвардия дивизиясымен аталған 316-атқыштар дивизиясы жау жолын бөгеді.

Сталин жолдас немістерді қалай да тоқтатуға бұйрық берді. Мұнан кейін гитлершілдердің жолында мызғымас берік қамау қойылды. Василий Клочков рота политругі болып қызмет еткен Қайраттың полкі 251-шілік—Петелино деревнясы—Дубосеково разъезі маңында жауынгерлер болды. Панфиловшылардың ерлік ісін совет адамдары жақсы біледі. Қызыл Армияның бұл жауынгерлері батыр өлімімен аза тапты. Бірақ, олар өздерінің жауынгерлік борышын толық орындады. Жаудың шауымыздың астанасына өткізбеді. Ұрыс болған жерде жаудың 18 танкі жайран болды.

Үкметтің Указы бойынша, отанымыздың жүрек ұлдарына кейіннен Советтер Одаының Батыры атағы берілді. Олардың таңдылығы жауынгерлеріміз бен командирлерімізді жігерлендіретін асқан үлгі болды. Олар кейінгілерге өсиет қалдырды: «Отанымыздың игілігі үшін жан қий-

дық. Жансыз денелеріміз алдында жастөк пендер. Сабырлы, табанды болыңдар! Не үшін ажалға бас байлағанымызды біз жақсы білдік. Біз жауынгерлік борышымызды орындадық, жаудың жолын бөгедік. Фашистерге қарсы ұрысқа шығыңдар, не жеңуіне өлуді—мұны естен шығармаңдар. Біз дер сыяқты, сіздер үшін де басқа жол жоқ. Біз қаза таптық, бірақ, жауды жеңдік!».

Қызыл Армияның жауынгерлері бұл өсіретті ешуақытта естен шығарған емес. Политрук Василий Клочковтың: «Ресей ұлан байтақ, бірақ, шегінетін жер жоқ—шартымызда Москва!» деген сөздері бүкіл совет еліне лезде тарап, ержүрек жауынгерлердің ураны болды. 28 панфиловшы батырдың ерлігі дәстүрімізге айналды, біздің заманымызда олар туралы ерлік дастаны туды. Халық әділетті. Ол өз намысына өзі төреші. 28 батырдың аруағын ардақтап, халқымыз өзінің мәңгі өмір сүруге, басырлар бойы даңқты болуға лайықты екенін тағы да ыспаттайды.

Ұлы мақсат, кіршіксіз сезім 28 панфиловшының күшіне күш қосты. Отанымыздың қасиетті сүйіспеншілігі, Октябрьдің ұлы сабыстарын қорғауға ұмтылған адал иелі сарға өздерінің жауынгерлік борышын толық орындайтын қайтпас жігер берді. Жауға деген ызалы өшпенділік олардың жүрегіне ажалдан тайсалмайтын батырлық, жеңіске ұмтылған жаңқырлық сезім туғызды. Кешегі қарапайым совет адамдары, өзінің намысын, тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау үшін қынабынан қылышын суырмай ұлы халықтың батырлары болды.

Клочковтың туысы, өмірі туралы мәліметтер жақында ғана табылды. Біздің алдымызда сарғылт тартқан мұқаба. Оның ішкі жағында Клочковтың жапсырулы суреті. Суретте — толқындалған бұйра шашты, ашық жайдары жүзді жігіт. Міне оның жауынгерлік аңты. Клочков бұған 1941 жылғы 27 июльде қол қойған.

Оның документтерінен біз Клочковтың Саратов облысында Воскресен ауданының Синод селосында туғанын білдік. Ол құрылыс техникумын бітірген, мұнан кейін Москвадағы Сауда Халық Комиссариатының институтында сырттан оқыған. 1939 жылы партияға кірген. Комсомол кезінде Клочков екі жыл бойына кешкі Коммунистік университетте оқыған. Міне, оның жу-

мыс істеген жерінен алған мінездемесі: «Үгітші-әңгімеші және қамқорлық комиссиясының председателі ретінде партия және қоғам жұмысына белсеніп қатынасады. Саяси білімі жақсы, тәртіпті. Бұл қысқаша сөздердің өзінен біз туысқан Ленин—Сталин партиясына, ұлы ісімізге шын берілген жалынды жүрек большевикті көреміз.

Запастағы командирлер мен бастықтарға аттестат беретін қалайық әскери комиссияның протоколынан алынған үзінді. 1941 жылғы 4 июльде Клочковқа кіші политрук атағы берілген, протоколдың қорытынды бөлімінде: «Саяси даярлығы жақсы. Атқыштар ротасының политругі ретінде пайдаланылсын» делінген. Партиямыз армияға қызметке жіберген Василий Клочков қызыләскерлерге саяси жетекші бөлу міндетін қандай аброймен, даңқпен орындағанын біз қазір жақсы білеміз.

Қатқақ жолда терең із қалдырып, неміс танкітері Москваның іргесіне таялған жоқ па еді? Таңдауды СС полктерінің автоматшылары темір табанымен Истра өзенінің жалғыз мұзын таптамап па еді? Москва маңының карлы қаласы қаптаған өрттің қанды сәулесінде ыстық күлге малынып қонырқай тартпап па еді?

Соғыс уақытының өзіне тән есебі бар. Кешегі ұрыс енді қайталамайды. Бірақ, ол көп күндер өткеннен кейін де жауынгерлерді жігерлендіріп отырады, оның даңқы жер жарайды, жауынгерлердің ол күні тек қана қызыл жауынгерлердің жаңа даңқты істерін еске түсіреді. 8-гвардия дивизиясының ерлік ісі табандылықтың, ерліктің үлгісіне айналды. Совет жауынгерлерінің талай ұрпақтары солардың үлгісімен тәрбиеленеді.

28 совет батыры тілерсектен қан кешкен сұрапыл ұрыста немістердің 50 танкінің шабуылын тойтарған даңқты күннен бері көп уақыт өтті. Олар ұлы іс үшін күресті, осы жолда қаза тапты. Қазір бұл әділетті ісіміз жеңіп шықты. Жеріміз фа-

шист басқыншылардан тазартылды. «Соғыстың төртінші жылы,—деді Сталин жолдас,—совет армиялары және одақтастарымыздың армиялары неміс әскерлерін қыйратып, шешуші жеңістерге жеткен, бұл жолы лажсыз екі майданда соғыс жүргізген немістер Германияның шекараларына қуылған жыл болды». Даңққа бөленген Қызыл Армия жауды жеріміздің шекарасының арғы жағында талқандай отырып, Норвегия, Польша, Чехословакия халықтарын азат етуде. Совет әскерлерінің жеңістері одақтастарымыздың батысқа әскер түсіруіне жеңілдік келтірді. Ағылшын-америка армиялары, Франция мен Бельгияның, Италияның жартыдан артығын неміс басқыншылардан тазартты.

Отанымыздың намысы мен бостандығын сақтап қалған, Октябрьдің ұлы табыстарын қорғауды совет халқының ұлы отан соғысы жүздеген, мыңдаған батырларды туғызды. Олардың ерлігіне, жауынгерлік шеберлігіне бүкіл адамзат сүйсінуде. Көбігі аспанға атқан Ұлы дариядан бөгелмей өте шыққан Днепрдің батырлары, Яссы мен Кишиневке тайсалмай тіккен тап берген ержүректер, Карпат шыңдарында ұшып өткен совет қырандары—олардың бәрі мемлекетіміздің қарулы күшін мәңгі өшпейтін даңққа бөледі. Мұның бәрінде де, соғыстың алғашқы жылында, елімізді қорғаған күндерде 28 панфиловшы батырдың даңқын шығарған рухани күш алға бастап отыр.

Ұлы істердің даңқы өшпейді. 28 батырдың даңқы өшпейді. Панфиловшылардың ерлік ісі советтік отанымызды қорғаудағы айбарлы, ауыр күндердің бейнесі болып қалады. Бұл біздің келешектегі шабуыл ұрыстарымыздың сәулесі болды. Александр Матросовтың ерлігі шешуші шабуыл ұрыстарымыздың бастамасы болды. Қазарман армиямыз Берлинге апар-жатқан жеңіс туы отанымыздың ұлдарының қанымен—панфиловшылардың, Матросовтың қанымен хасиеттелген.

А. КРИВИЦКИЙ

Магнитогор кеншілері жоспардан тыс болат өндіру е

Магнитогор кеншілері артиллерия күшін табыспен қарсы алды. Олар ноябрь айында еңбек өнімін еселеп арттырды. Әресөз болат қорытушылар көрнекті жұмыстар істеуде. Мереке алдында олар көп мөлшерде болат өндіріп шығарды. Воронов жолдас бастық болып істейтін кен өндірді.

Цех ноябрь айында ең жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл цех жылдық жоспарды орындады. Олар Қызыл Армияның Бас Командованнесінің дербес қорына арнап, жылдық жоспардан тыс 1300 тонна (ТАСС).

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туларын беру

Үкметтік комиссия республикамыздың р кәсібі мен темір жол транспортында-ециалистік жарыстың октябрь айында қорытындысын шығарып, алдыңғы қатардағы Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ылықтарын беру туралы қаулы алды. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі Халық Комиссариатына (Халық Комиссары Тютюков дас) Қазақ ССР Халық Комиссарлары еті мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ыпалы Қызыл туы және 30 мың сом алай сыйлық берілді. Қазақ ССР Ет-сүт өнеркәсібі Халық Комиссариатына (Халық Комиссары Едігеев жолдас) Қазақ ССР Халық Комиссар Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті ауыспалы Қызыл туы және 25 мың ақшалай сыйлық берілді.

Қызыл туларды бергендерге Қазақ-ық одағына (президиум председателі агүлов жолдас) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық

лық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы және 20 мың сом ақшалай сыйлық берілді.

Мақат мұнай промыселінің электр станциясына (директоры Абляев жолдас) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы және 10 мың сом ақшалай сыйлық берілді.

Резчик жолдас директор болып істейтін заводқа Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы және 5 мың сом сыйлық берілді.

Ленингор рудник басқармасына (директоры Пичеников жолдас) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің Байшо-нас мұнай промыселінің ауыспалы Қызыл туы одақ қайтып алынып, Доссор

промыселіне (директоры Ильясов жолдас) берілді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің Қарағанды темір жолының Ақмола торабындағы ауыспалы Қызыл туы қайтып алынып, Түркістан—Сібір теміржолының Аягөз торабына (Аягөз қатынас бөлімшесінің бастығы Савченко, паровоз бөлімшесінің бастығы Лазаренко, партия комитетінің секретарі Радитин, профсоюз комитетінің председателі Смазыхов жолдас) берілді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің Қарағандының Киров көмір тресінің №3 шахтасындағы (бастығы Решетняк) ауыспалы Қызыл туы шахтаның өзінде қайтадан қалдырылды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің Хохлов жолдас директор болып істейтін заводтағы ауыспалы Қызыл туы заводтың өзінде қалдырылып, 10 мың сом ақшалай сыйлық берілді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің жергілікті және кооперативтік өнер кәсіптің жұмыстары үшін еңбекшілер депутаттарының Алматы облыстық советі атқару комитетіне (атқару комитеті председателі Күсем-

баев жолдас) берілген ауыспалы Қызыл туы қайтадан қалдырылып, 15 мың сом ақшалай сыйлық берілді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы және 15 мың сом ақшалай сыйлық жергілікті және кооперативтік өнер кәсіптің жұмыстары үшін еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық советі атқару комитетіне (председателі Мұстафин жолдас) берілді.

Үкметтік комиссия ҚССР Жергілікті өнер кәсіп Халық Комиссариатының (Халық Комиссары Новиков жолдас), Жергілікті өнер кәсіп Халық Комиссариатының (Халық Комиссары Ержанов жолдас), Жергілікті маңызды тоғайлар Басқармасының (басқарма бастығының орынбасары Успенский жолдас), Ағаш өнеркәсібі Халық Комиссариатының (Халық Комиссары Байұзақов жолдас), Қол өнершілер кооперациясы Басқармасының (басқарма бастығы Субботин жолдас) октябрь айында жұмысты жақсы істегенін атап көрсетті.

Бұлармен бірге үкметтік комиссия социалистік жарыста алдыңғы қатарда болған көптеген жеке кәсіп орындарын атап көрсетті.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия активінің жыйылысы

Жақын арада Соколов аудандық партия активінің жыйылысы болып өтті. Жыйылыста Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Сталин жолдастың Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасын үйрену және аудандық партия совет, комсомол, қоғам ұйымдарының кезектегі міндеттері туралы мәселе қаралды. Бұл мәселе бойынша, аудандық партия комитетінің секретарі Калинин жолдас баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында кезектегі міндеттерге тоқталды.

—Сталин жолдас өзінің тарихи баяндамасында,—деді баяндамашы,— колхозшылар мен колхозшы әйелдердің жұмысшылар мен интеллигенцияның еңбек майданын жағы асқан ерлік істеріне зор баға берді. Бұған жауап ретінде, аудан еңбекшілері өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды. Партия Совет активінің бүгін таңдағы жауапкершілік міндеттерінің бірі—бұл міндеттежелерді мүлдіксіз орындау үшін, еңбекші-

лер бұхарасы арасында үгіт-көпшілік жұмысын пәрменінше өрістетуге, сөйтіп колхоздарымыздың мемлекетке астық, картоф, овощ және ауыл шаруашылығының тағы басқа өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарларды толық орындауын қамтамасыз ету болып табылады. Қазір біздің алдымызда келесі жылдың көктемгі егісіне тыңғылықты әзірлену міндеті тұр. Көктемгі егіске осы бастан тыңғылықты әзірлену мол егінің негізін жасаудың ең басты шарты екенін есте сақтау қажет.

Баяндама бойынша 16 адам сөз сөйледі. Жыйылыста қаралған мәселе жөнінде нақты қаулы қабылданды. Актив жыйылысы колхозшыларды, комбайншылар мен тракторшыларды еселеген жігермен еңбек істеп, ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекеттен толық есеп айырысуға, келесі жылдың көктемгі егісіне сақдай сай әзірленуге шақырды.

Н. ХАМИДУЛЛИН,

аудандық газеттің редакторы.

Партия қатарын өсіре берейік

Совет ауданында 45 колхоз болса, оның бде ғана бастауыш партия ұйымы бар. Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру—ұсқау бөлімі (менгерушісі И. Кравченко) ауданында 45 колхоз болса, оның 15-ден астам бастауыш партия ұйымы бар. Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру—ұсқау бөлімі (менгерушісі И. Кравченко) бұл колхоздарда партия ұйымдастыру жөнінде айтарлықтай істей алмай отыр. Аудан орталығымен ірілес «Манғұл», «Қызыл ағаш», «Жаңа зыя», «Қарағайлы» және «Елтай» колхоздарында партия ұйымдары жоқ екендігі И. Кравченко жолдас жақсы біледі. Бірақ бұл колхоздарда партия ұйымдарын ұйымдастыру ісіне көңіл бөлінбей отыр. Аудан бойынша партия қатарына жыл ісінан 1 октябрьге дейін 75 адам ғана қабылданды. Бұлардың көпшілігі партиядан кандидаттығынан мүшелігіне қабылданғандар.

Кейбір колхоздар мен МТС жанындағы бастауыш партия ұйымдарында да істің әлі осындай. Бейнетқор МТСның партия ұйымы (секретарі Жұмытов жолдас), «Ердік» колхозының бастауыш партия ұйымы (секретарі Нұрғалиева жолдас), «Төңіріс» колхозының партия ұйымы (секре-

тарі Нұржанов жолдас) 1944 жылдың басынан бері партия қатарына бірде-бір адам қабылдамаған. Бұл ұйымдарда саяси тәрбие жұмыстары да нашар. Үгіт-нәсихат жұмыстары колхоз өндірісіне ұштастырыла жүргізілмейді. Озаттардың іс тәжірибелері жұртшылық игілігіне айналдырылмайды.

Партия қатарына таңдаулы адамдар қабылдап, олардың өнегелі ісін көпшілік игілігіне айналдыра білген партия ұйымдары да жоқ емес. Мәселен, «Сартмар» колхозы жанындағы партия ұйымы (секретарі Қадіров жолдас) тек быйылғы егін жыйнау маусымы кезінде партия қатарына 5 адам қабылдады. Олар Айтпеев, Галиев, Ахметов жолдасар сыяқты колхоздың таңдаулы адамдары. Бұлар ауыл шаруашылығында еңбек үлгісін көрсетті. Әрқайсысы 2—3 кісінің қызметін атқарды. Жұмыс тапсырмасын үнемі артығымен орындап жұмыстың сапалы болу үлгісін көрсетті. «Баянды», «Үлгі» колхоздарының партия ұйымдарында да істің жайы айтарлықтай болып отыр. Бірақ олардың жұмыс тәжірибесі басқаларға таратылмай келеді.

Бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жойып, партия қатарын таңдаулы адамдар есебінен өсіре берейік.

И. УӘНІСОВ.

КӨКТЕМ ЕГІСІНЕ МОЛ ӘРІ САПАЛЫ ТҰҚЫМ ӘЗІРЛЕЙІК

Облысымыздағы жер орындарының жақсы колхоздардың басшылары ССР Одағы ер Халық Комиссары Андреев жолдас осы жылғы 30 марттағы «Колхозда тұқым шаруашылығына басшылық жақсарту туралы» бұйрығын орындай отырып, үстіміздегі жылы бір талай жұмыстар істеді. Тұқымдық учаске деген нанның үштен екі бөлегі жаңа жердерге іді. Егілген тұқымның учаскелері арнау звеноларға тапсырылып, оның үлгілі ілуі қамтамасыз етілді. Совет ауданындағы «Колос» колхозы председателі Новик жолдас) тұқымдық екені мезгілінде егіп, оны қамқорлық күту нәтижесінде 157 гектар аланның 12 гектарынан орта есеппен 12 центнер алды, ал бидайдың әрбір гектары 15 центнер өнім берді. Мамлют ауданындағы «Аспаз нива» колхозында тұқымдық екенің әрбір гектарынан 13,7 центнер, «Нович» атындағы колхозда 10,3 центнер өнім алынды.

Тұқымдық учаскені үлгілі күтіп, оны кезінде ысырапсыз жыйнап алуға барғы жұмылдыру нәтижесінде Ленин ауданындағы «Жарғайлы», «Троиника Ильи-

ча», «Советский», Октябрь ауданындағы «Щит», «Марс», Совет ауданындағы «Үш қызыл» және Қағанович атындағы колхоздар келесі жылдың көктем егісіне тұқым қорын толық күйіп алды. Келесі жылдың көктем егісіне берік тұқым қорын жасауда Приешім ауданындағы «Образцовый», «Большевик» және «Рябиновка» колхоздары да елеулі табыстарға ие болды.

Алайда облысымыздың бір талай колхоздарында оның ішінде Соколов және Конохов аудандарының колхоздарында тұқым шаруашылығына жауапсыз қараушылық тұқымдық учаскелерден өнімнің аз алынуына әкеп соқты. Осының салдарынан бір талай колхоздарымыз келесі жылдың көктем егісіне жеткілікті мөлшерде тұқым қорын жасай алмады. Ол-олма, Преснов, Приешім және Соколов аудандарының бір талай колхоздары тұқымдық учаскелерден алынған өнімді мемлекетке тапсырып, үкметіміз бен партиямыздың тұқым шаруашылығы жөніндегі қаулысын өрескел түрде бұрмалады.

Тұқым шаруашылығына әсіресе Октябрь ауданының басшылары жете көңіл бөлмей

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ҚОРЫНА АСТЫҚТЫ ЕСЕЛЕП МОЛ БЕРЕЙІК!

Жеңіс қорына үлес қосты

Октябрь ауданының колхозшылары Қызыл Армия қорына жеке меншіктен астық тапсыру ісін күннен-күнге күшейтуде, сөйтіп, батыр Қызыл Армияның Берлин үстінде жеңіс туын тігетін күнін жақындатуына еселеп көмектесуде.

«Красное знамя» колхозының председателі Симаков жолдас жеңіс қорына 15 пұт астық тапсырып, бұл игілікті іске барлық колхозшыларды жаппай дерлік қатысуға шақырды. Колхоз бастауыш партия ұйымының секретарі Нестеров жол-

дас та жеңіс қорына осы мөлшерде астық берді. Колхоздың барлық мүшелері Қызыл Армия қорына 250 пұт астық тапсырды.

Қызыл Армия қорына колхозшылардың жеке меншігінен астық тапсыру жөнінде игілікті іс бастаған киrowшілердің үндеуі «1-май» колхозы мүшелері арасында зор қолдау тапты. Олар өздерінің жеке меншіктерінен жеңіс қорына 300 пұт үлес берді.

М. ЕГІЗБАЕВ.

КОЛХОЗ ДАҢҚЫН АРТТЫРУДА

«Колос» колхозы (Совет ауданы) соғыс жылдарынан бұрын Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатыласып, колхоз шаруашылығын өркендетудегі үздік табыстары үшін сыйлыққа 1 мотоцикл алған болатын.

Колхоз мүшелері отан соғысы күндерінде де өз колхозының даңқын аттыра түсті. Бұл колхоз жыл сайын еліміз бен майдан алдындағы борышын тыңғылықты орындап келеді.

Быйыл бітік егін өсірілді. Мемлекетке 36856 пұт астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Даңқты Октябрьдің 27 жылдығына дейін Қызыл Армия

қорына жоспардан тыс 1800 пұт астық тапсырылды.

Еліміз бен майданға ауыл шаруашылық өнімдерін еселеп мол беруде колхоз маңшылары тынбай еңбек істеуде. Олар быйыл мал басын өсіруде елеулі табыстарға жетумен бірге, оның өнімін де анағұрлым арттырды. Мемлекетке ет тапсыру жоспары 200 процент, сүт тапсыру жоспары 160 процент және жүн тапсыру жоспары 106 процент орындалды.

Қазір колхоз мал қыстатуға кірісті. Колхозшылар мал қыстатуды ойдағыдай өткізу және көктемгі егіске сақдай-сай әзірлену үшін күш жұмсауда.

К. ЖАҚЫПОВ.

Картоф дайындауға ерекше көңіл бөліңсін

Соколов ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары кемегер көсеміміз Сталин жолдастың Октябрь революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасында ел еңбекшілерінің жан-қиярлық еңбегіне зор баға беруіне жауап ретінде мемлекетке картоф және овощ тапсыру ісін қыздыра түсті. Виноградов селодық дүкенінің қызметкерлері колхозшылардың мемлекетке картоф және овощ тапсыру жөніндегі тапсырмаларды толық орындауын қамтамасыз етті. Бұл дүкен картоф дайындау жоспарын 116 процент орындап қазір жоспардан тыс картоф дайындап жатыр. Сол сыяқты, Кустов селодық дүкенінің қызметкерлері де тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, қазірдің өзінде жоспардан тыс 240 пұт картоф дайындады.

Алайда, кейбір дүкендердің сатушылары картоф дайындау сыяқты аса маңызды

жұмысқа немкетті қараудан арыла алмай келеді. Мәселен, Налобин, сельпосының председателі Яковенко және дайындаушы Рихленко жолдасар картоф дайындау ісіне атүсті қараған. Осының салдарынан, картоф дайындау жоспары 57,6 процент ғана орындалды.

«Память Ильича» колхозындағы дүкен 118 центнер орнына, 50 центнер ғана картоф дайындады. Картоф дайындауда «Сталин жолы» және «Красный Октябрь» колхоздарындағы бөлімше сатушылары Скакова және Капыцева жолдасар да жауапсыздыққа салынып отыр.

Картоф дайындау жұмысын олқылыққа ұшыратып отырған сельпо басшылары мен сатушыларға аудандық тұтынушылар одағының басшылары шара қолданбай келеді.

Е. ЧЕПУРНОВА.

отыр. Аудандық жер бөлімінің менгерушісі Войтенко және аға агрономы Сусличенко жолдасар осы күнге дейін тұқымдық учаскенің 47 проценті бастырылмауына тіпті қынжылмайды. Бұл басшылар қысты күні бастырылған астықта ысырантың көп болатындығын, осының салдарынан колхоздардың келесі жылдың көктеміне тұқым қорын толық құя алмау қаупі туатындығын естерінен шығарып жіберген.

Егіс тұқымын осы бастан тазартып, сарайға құюдың, сөйтіп оны уқыпты сақтаудың ерекше маңызы бар. Бірақ қолда бар тұқымды тазарту жұмысы колхоздарда әлі күнге дейін өрістетілмей келеді. Жоғарыда айтылған Октябрь ауданында қолда бар 25645 центнер тұқымның 3124 центнері ғана тазаланды. Мұның да сапасы нашар болып отыр. 2100 центнер тұқымның шығымдылығын тексере келгенде, мұның барлығы таза болмауы себепті шығымсыз екендігі анықталды. Егіс тұқымын тазарту жұмысы Преснов ауданында да ойдағыдай болмай отыр. Мұнда егіс тұқымының 41 проценті мүлде тазартылмай, бір жарым айдан бері комбайн бункерінен алынған күйінде жатыр.

Егіс тұқымын тазартуға қуатты «ВИМ» машинасы кең пайдаланылуға тиіс. Алайда Соколов және Чистянь машина трактор станцияларының директорлары Тишков және Назаренко жолдасар егіс тұқы

мын газартуға бұл машиналардың кең түрде пайдаланылуын жүзеге асырмай келеді. Егіс тұқымын тазартуды бұл сыяқты ойсыраған олқылыққа ұшыратып отырған МТС басшылары бізде бір нешеу. Бірақ олар төртінше шақырылмай келеді.

Колхоздарда картоп, овощ және майлы өсімдіктердің тұқымын дайындау жұмысы да баяу болып отыр.

Көктем егісіне сапалы тұқым әзірлеу—егінінен мол өнім алудың тағдырын шешеді. Олай болса, тұқым шаруашылығына жауапсыз қараушылықтан дереу арылу керек. Бастырылмай тұрған тұқымдық учаскелердің егіні дереу бастырылып болсын. Құйылған тұқымның дереу тазартылып, оның жоғары сапаға жеткізілуіне ерекше көңіл бөліңсін. Колхоздарда тұқым қорын даярлау, құю және сақтау жұмыстарының бәрін тұқым учаскелерінің бастықтары басшылық етуге тиіс. Олар келесі жылдың көктем егісіне тұқым қорының жеткілікті мөлшерде дайындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, келесі жылдың егісіне сапалы тұқым қорын құю ісін аудандық жер бөлімінің қызметкерлері және колхоздардағы агрономдардың тікелей өздері басқарулары керек.

В. ГРИГОРЬЕВ.

Облыстық жер бөлімінің егін шаруашылығы Басқармасының бастығы.

ИАЛ ҚЫСТАТУДЫ ІДАҒЫДАЙ ӨТКІЗЕДІ

ЕВО. (Арнаулы тілшімізден). «Ком колхозының мал өсірушілері мал алығын өркендетудің шешуші келі қыстату маусымына ерте бастан алды. Мал өсірушілер өздерінің күн арлық мал қораларын тыңғылықты жылытты, қораларды оттық, төгәне пешпен қамтамасыз етті. Қыс і малдардың тынысын тарылтпау араларға желдеткіштер орнатылды. өз басқармасы даладан пішен тарба бөліп, пішен тасу жұмысын нов, Сүлейменова, Қожамсейтов және қыпова сияқты таңдаулы колхозға тапсырды. Бұлар қыстауларға тасу жұмысын соғыстағыша жүргізіп, күн сайын қыстаулар жанына ке-80 центнер пішен жеткізуде. Пішен алар қазірдің өзінде мал қораларына 4300 центнер пішен тасып үйді. қыс маусымына керекті мал азығы-0 проценті болып саналады. қыстату маусымының ойдағыдай мал шаруашылығын таңдаулы қолдардың басқаруына байланысты ондықтан да колхоз басшылары қыс індері мал күтуге Қойшыбаев, Темір және Ақметова сияқты таңдаулы ышыларды тағайындап, олардың біртты жұмыс істеуіне барлық жағдайды. Бұлар мал қыстату маусымының күндерінің өзінде, қоғамдық мал оциалистік тұрғыдан қарайтындықта ісімен көрсетті. Біздің мал өсірушілер,—дейді ферма ерушісі Қ. Бейсенбаев жолдас,—шын іде таңдаулы адамдар. Олар мал ба өсіру және оның өнімін арттыру жо-та жұртшылық сенім аброймен ақтай-ал өсірушілер өздерін жорықта-деп санайды. Сөйтіп, майдандағы ла ыс істейді. Міне осының нәтижесінде, мсомол колхозы қысқа толық әзірлік індегі аттестатты ауданда бірінші бо-алды. Мұның барлығы—мал өсіруші-дің жан аямай еңбек істегендігінің ар-ы екені даусыз.

МАЛ АЗЫҚСЫЗ, БАСШЫ ҚАМСЫЗ

Совет ауданындағы «Теңелдік» колхо-нда өткен жылы малға жылы қора, жет ікті мөлшерде күнарлы азық дайындал у салдарынан бірсыпра мал шығынға ырады. Алайда, колхоз басшылары бұ-н быйылда тиісті қортынды жасамай ыр. Мұнда мал қоралары әлі жөнделіп ккен жоқ. Төл қорасының есік-терезеле-ондалмаған, іші-сырты сыланбаған. Қо-ларды оттықпен жабықтау ісі бұл кол-зда ұмыт қалған жұмыстың бірі.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу — мал ығының мол қоры болуына байланысты. олхоз басшылары (председателі Есірке-ов жолдас) мал азығының жеткіліксіз ьендігіне қынжылмайтын көрінеді.

—Қыстауларға 1500 центнер пішен та-ылды,—деп жайбарақаттанады ол. Бірақ йұл қыс маусымына керекті мал азығы-ның 35 проценті ғана екенін ескермейді. Мал азығына сабан мен мекенді ұқсату жұмысына мән бермейді. Пішен тасуға бө-лінген 4 ат-арбаның жұмысқа толық пай-даланылуын қамтамасыз етпейді. Міне сон дықтан да мал азығын тасудың күнделік тапсырмалары орындалып көрген емес.

Колхоздағы үгітшілер тобының меңге-рушісі Есмаев жолдас, мал өсірушілер арасында үгіт-көпшілік жұмысын ұйымдас ырмай отыр. Мал өсірушілер арасында еңбек тәртібінің нашар болуын және кей-бір малшылардың іске жауапсыз қарауын әне осыдан деп түсіну керек. Малшылар ыжаров мен Сәрсенбаев өз міндеттеріне ыксетті қарайды.

ӨНЕР КӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

ӨНІМДІ ЕҢБЕК

Н. заводында соңғы кезде еңбек өнімі арта түсті. Шольных жолдас бастық бо-лып істейтін цехтың жұмысшылары жу-мысқа барлық ішкі мүмкіншілікті толық пайдаланып, ноябрь айындағы 20 күндік жоспарды едәуір артық орындады, сөйтіп облыс МТСтары үшін жоспардан тыс 3500 сомның қосалқы бөлшектерін жасап шы-ғарды. Петренко жолдасын басқаруында-ғы цех жұмысшылары да ноябрь айында зор табыстарға ие болуда. Цех тапсырма ны 105—170 процентке дейін орындауға жетісті.

Бұлардан Соенко жолдас басқарған цех тың коллективі де қалысатын емес. Цех жұмысшылары социалистік жарыс туын бұрынғыдан да жоғары ұстап, ноябрь айы ның өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді.

Жұмысшылар бұл сертін аброймен орын дау үшін күресіп, 20 күндік жоспарды толық орындады. Быкова жолдас басқар-ған майдандық комсомол-жастар бригада-сының мүшелері де еңбек өнімін барған са йын арттыруда. Олар жұмыс графигін үне мі 200 процент орындап келеді.

Жолдеева жолдасын басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері шабуылдағы Қызыл Армияның жеңістеріне майдандағыша жұмыс істеумен жауап беру үшін Сталиндік вахтаға тұрып, тапсырма-ны үнемі 130 процент орындауға жетісті. Вахтаның алғашқы күні комсомолка Сте-панова жолдас жұмыс тапсырмасын 300 процент орындады.

Завод коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін күш жұмсауда.

Е. БЕРДЕНОВ.

КӨПШІЛІК ҚОЛДЫ БҰЙЫМ КӨП ӨНДІРІЛУДЕ

Петропавлдағы Қазақстанның 10 жыл-дығы атындағы қолөнершілер артелінің жу-мысшылары ноябрь айында қажірлі еңбек істеп, 20 күндік жоспарды толық орында-ды. Олар айдың аяғына дейін жоспардан тыс 5 мың сомның көпшілік қолды бұйым дарын өндіруге міндеттенді.

Алған міндеттемелерін орындауда әс-ресе ойыншық жасайтын цехтың коллек-тиві іс үлгісін көсетуде. Бұл цех ноябрь айында тамаша көрсеткіштерге жеткені үшін артель басқармасының ауыспалы Қы-зыл туына ие болды. Сол сияқты етік ті-гу цехының жұмысшылары да көрнекті жұмыстар істеуде.

Б. ЕЛЕБАЕВ.

ЖАС ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ІС ҮЛГІСІ

Мамонтов жолдас директор болып істей тін заводтың жас жұмысшылары магнито-горлықтардың шақыруына іспен жауап беруде. Жас жұмысшы Шәкіржанов жо-лдас екіжүзшілер қатарына қосылды. Жас жұмысшы қыздар Ефремова, Қарылова жолдастар аз уақыттың ішінде күрделі ма-мандықтарды ойдағыдай игерді. Олар маг-нитогорлықтардың үндеуін жыйылыстарда талқылағаннан кейін, үнемі 1,5 мөлшер орындауға жетісті. Бұл күндері жас жу-мысшы Салькова жолдас та қажірлі еңбек істеуде. Ол жұмыс мөлшерін үнемі 175 процент орындайды.

Завод жастары магнитогорлықтардың игілікті бастамасына жаппай үн қосып, алған міндеттемелерді аброймен орындау үшін социалистік жарыс туын жоғары ус тауда.

Е. МЕДЕТПЕКОВ.

БАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚҰЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 24 ноябрь. (ТАСС). Одақтас тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында бы-лай делінген:

Голландияда Венло ауданында одақтас-тар әскерлері шабуылды күшейте отырып, қалаға 3 миль жақын келді. Гельмонд-Венло темір жолының солтүстік жағында одақтастардың әскер бөлімдері қиын жағдайда 1 мильдей алға басып, Хорстты алды.

Германияда Гейленкирхеннің солтүстік-шығыс жағында Гофен мен Беек ауданын да одақтастар әскерлері қатты ұрыстар жүргізуде. Бұл жерде дұшпан қатты қар-сылық көрсетуде. Юлиха ауданында одақ-тастардың әскер бөлімдері Косларуға қа-рай баяу алға басуда. Вейдің батыс, он-түстік және оңтүстік-шығыс жағында қиы мыл жасаушы одақтастардың екінші бір әскер бөлімдері бұл қалаға қарай алға басуда. Гюртген орманы ауданында кескі-лескен ұрыстар болып жатыр. Одақтастар-дың әскер бөлімдері дұшпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, баяу алға ба-суда.

Мецтың шығыс жағында одақтастардың

бронетанк бөлімдері Поганис-Рор-Бахуға жақындады, ал одақтастардың жаяу әс-керлері Лейвейлер төңірегіне жетті.

Фремердорф маңында (Лотарингияда) дұшпанның қарсы атакасы тойтарылды. Мұның оңтүстігінде бронетанк бөлімдері Финштингерге жақын келді. Одақтастар әскерлері Северно өткелінде дұшпанның қорғану шебін бұзып өтуді жүзеге асы-рып, Страсбургке жетті, сөйтіп солтүстік Эльзас алқабында көпетген қалаларды азат етті. Қауырт шабуыл жасау кезінде жау-дан 3 мың адам, оның ішінде 2 генерал қолға түсірілді.

ЛОНДОН, 24 ноябрь. (ТАСС). Одақтас тардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай де-лінген: Италияда 8-армияға қараған ағыл-шын бөлімдері кескілескен ұрыстарда Ко-зина өзенінің өткелі аузында бекініс жа-сап, дұшпанның танктерден жәрдем алған бірсыпра күшті қарсы атакаларын тойтар-ды. 5-армияның бөлімдері де дұшпанның бірнеше күшті атакасын тойтарды.

Одақтастар авиациясы жаудың Италия мен Югославиядағы соғыс орындарына әлденеше рет шабуыл жасады.

Сербияның Фашизмге қарсы жастарының съезі

БЕЛГРАД, 19 ноябрь. (ТАСС). 16 но-ябрьде Белградта Сербияның фашизмге қарсы жастарының 1-съезі ашылды. Съез-ге 2000 делегат келді.

Съезд ашылғаннан кейін, маршал Иосиф Броз Тито сөз сөйлеп, Сербияның азаттық күресіндегі жастарының ерлік істерін атап көрсетті. «Соғыс жайында,—деді Тито,—біз пелер қиын-қыстау күндерден өттік және жауды жеңу үшін күш жұмсауда-мыз. Қазір Қызыл Армия бізбен бірлесті. Югославия халқының жарты миллиондық

халық-азаттық армиясы бар. Барған сайын алдыңғы қатарлы соғыс техникасымен қа-руланып отырған біздің ұлы Одақтастары-мыз бізбен бірлесті. Алайда біздің алды-мызда құрылыс міндеттері тұр,—деді мар-шал Тито,—біз бұл соғысқа дейінгідей Югославияны тілемейміз. Біз нұр сәулетті гүлденген еліміз болуын тілейміз».

Съезд Сталин жолдасқа, президент Руз-вельт пен Уинстон Черчилльге құттықтау телеграмма қабылдады.

Одақтастар авиациясының құймылы

ЛОНДОН, 21 ноябрь. (ТАСС). Ағыл-шынның 100ден аса «Москито» бомбашы-ларының, оның ішінде әрқайсысы 1.800 килограмдық бомбалар тиеген бомбашы-лардың, 21 ноябрьге қараған түнде, Гер-манияның соғыс орындарына шабуыл жа-сағандығы Лондонда ресми түрде жария-ланды.

Ганноверге екі рет шабуыл жасалды. «Ланкастер» самолеттері Кобленцті бомба-лады. 20 ноябрьде түстен кейін ағылшын авиациясы Рурдағы соғыс орындарына ша-буыл жасады.

Европа соғыс майдандарындағы Америк-ан әуе күштерінің штабы, 20 ноябрьде Америка самолеттерінің Гейленкирхендегі мұнай өндіретін заводтарға, сол сияқты Мюнстердегі сұрыптау станцияларына ша-буыл жасағандығын хабар етті.

20 ноябрьде одақтастардың Италиядағы авиациясының немістердің Блюхгаммердегі (Жоғарғы Силезияда) қолдан жанармай өндіретін заводтарды бомбалағандығын ха-бар етті.

Америка авиациясының Кюсю аралына шабуылы

ВАШИНГТОН, 20 ноябрь. (ТАСС). АҚШ соғыс министрлігінің хабары бойын-ша, «Ушусы қамал» қуатты бомбашыла-рының ірі күштері Кюсю аралындағы (Жа-понияда) өнеркәсіп орындарына шабуыл жасады.

Румыния үкметінің мәжілісі

БУХАРЕСТ, 21 ноябрь. (ТАСС). Буха-рест радиосының хабарына қарағанда, ке-ше Санатеску председателдік еткен ми-нистрлер советінің мәжілісінде қазіргі ми-нистрлер кабинетін құрудан бұрын таға-йындалған барлық облыс бастықтарын орындарынан түсіру туралы қарар қабыл-данды.

Француз бөлімдері Страсбург төңірегінде ұрыстар жүргізуде

ЛОНДОН, 23 ноябрь. (ТАСС). Одақтас тардың батыс Европадағы әскерлерінің жо-ғарғы командованиясі штабының бүгін таң-ертең жарияланған мәлімдемесінде былай делінген: Американың 7-армиясына қа-раған француздың танк әскерлері Страс-бург төңірегінде ұрыстар жүргізіп жатыр. Жау әлсіз қарсылық көрсетті

Америка авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 21 ноябрь. (ТАСС). 21 но-ябрьде 1250ден аса «Ушусы қамалдар» мен «Либерейторлардың» 110нан аса ис-требительдерді ертіп шығып, дұшпанның Гамбургтегі, Гарбургтегі, Мерзебургтегі мұнай тазалау заводтарына, сол сияқты Германияның басқа да соғыс орындарына шабуыл жасағандығы Лондонда ресми түрде жарияланды.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

«Октябрь» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «МЕРЕКЕ» және «ДОСТАР»

27 ноябрьден бастап «ДЖУНГЛИ» де-ген түсті көркем фильм көрсетіледі.

Сеанстар 4—6—8—10-да басталады. Қас-са күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.

Күндізгі сеанстарға балалар ұйымдасқан түрде ғана жіберіледі.

Петропавл оқу комбинаты балшықтан ыдыс жасаушылар курсына оқушылар қа-былдайды. Оқу мерзімі 10 ай, оқушыларға стипендия, күніне үш мезгіл тамақ беріле-ді, жатақ үймен қамтамасыз етіледі.

Осында ыдыс жасау жөнінде мекемелер-ден және жеке адамдардан заказ қабылда-нады.

Аяқ киім жамау-жасқау жөнінде меке-мелер мен жеке адамдардан заказ қабыл-данады.

Адрес: Совет көшесі, 81 үй. Оқу ком-бинаты.